

ЦИКЛОГРАММА

I апта. қазан 2021ж.

Кіші тобы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Тақырыпша: «Менің отбасым Ата-аналар еңбегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жазымды жағдай орнату.Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
	«Қажет суретті тап» Ойынға қажет заттар: Үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, пластилиннен жасаған заттар, конфет, бауырсақ, т. б.	Құрылыс ойындары «Үй жинақтары» «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Әдемі кілемшелер Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Үстел үсті ойындар: «Үйшік» құрастыр. .Балалармен достары туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	«Ас – адамның қуаты» М-ы:Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса,досың көп» Ойын жаттығу : Білсін мұны балалар, Сусыз құрғақ далалар. Сусыз қараң қалалар, Ескертеміз бар ұлға, Ескертеміз бар қызға Суды босқа ағызба.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	Шаттық шеңбері: «Арайлы таң» Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	Денешынықтыру /жалаушамен, әуенмен/ Үйрету Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Желбіреді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/ Б.қ.: «Әткеншек» 2. Аяқтары алыс қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын алыс қоя, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру. Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу Б.қ.: «Көңілді жалауша» 5. Аяқтарын алыс қоя, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алыс ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп,	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым »Мақсаты: Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметпен Бас иеміз біз. II.Миға шабул. " Көңілді доп" - Отбасы мүшесін ата. - Отбасында кімді жақсы көресің? - Отбасында кімге сыйлық жасайсың? III.Ой дамыту Отбасы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі. Сұрақ-жауап. Сенің отбасың қандай? Отбасында неше адам бар? Олар кімдер? -Атаң мен әжең кім? -Әкең қайда жұмыс істейді? -Анаң қайда жұмыс істейді? -Сен неше жастасың Тіл ұстарту жаттығуы: Та-та- ата, Же-же- әже, Ке-ке- әке, На-на-ана, Ке- ке- әпке Ға – ға- аға 4.Сергіту сәті: Саусақ	1.Жаратылыстану Тақырыбы:Күзгі еңбек. Мақсаты: Балаларға күзгі еңбек туралы түсіндіру. Үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу Психологиялық дайындық Музыка әуенімен. Шеңбер жасап тұрайық Керегені құрайық Дем шығарып тыныстап Шаршағанды басайық I Миға шабуыл Жұмбақ жасыру. Жауып жаңбыр,жер сабыр Шөп, жапырақ солады. Бұл қай кезде болады ? Сұрақ жауап. - Қазір жылдың қай мезгілі ? -Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды? -Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі? II. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Күз мезгіліндегі еңбек түрлерін бейне таспадан көрсету. Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Неліктен алтын, жомарт күз дейміз? - Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі? Дидактикалық ойын.«Жапырақтың түсі қандай?» Мақсаты: Балалар жинаған жапырақтарын	1.Сенсорика Тақырыбы: Жемістерді жинаймыз Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің пішінін, түсін және қасиетін айта білуді үйрету. I.ҰОҚ өтілу барысы Қуаныш алаңы Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) II. Ой дамыту Жемістер туралы түсінік беру. -Жемістер қайда өседі? -Жемістерге нелер жатады? –Жемістердің бізге қандай пайдасы бар? 2.Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Жемістер топтау. -Алманың түсі, пішіні -Бананның түсі, пішіні -Алманың тағы қандай түстері бар? -Алмұрттың түсі қандай? -Апельсин қандай? III. Ой қозғау. -Түстерімен топтастырып жинау. -Сары түтерді сары себетке -Жасыл түстерді жасыл себетке -Қызыл түстерді қызыл	I.Музыка Тақырыбы: «Күз сыйы» Ән айту: «Жаңбыр» Ойын: «Торғайлар» Қимыл-қозғалыс: «Жапырақтар»
---	---	---	--	---	---

	денені босатып демді шығарады. Қимыл-қозғалыс жаттығулары. -Доға астынан еңбектеп өту Қимылды ойын: « Құстар жем жейді» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау. 2.Сурет Тақырыбы: Менің үйім Мақсаты: Балаларға үй тұрғызу және үйдің құрлысы туралы түсінік бере отырып, сурет салуға қызығушылық таныту ҰОҚ барысы: Шаттық шеңбері. II.Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Қарбырғасы төртбұрыш, Үш бұрыштан шатыры Зәулім сарай білсеңіз Паналайсыз кірсеңіз (Үй) 2.1Ой қозғау Суретпен жұмыс Сұрақ-жауап -Үйді кімдер тұрғызады? терезе,есіктері, шатырлары көлемдеріне көңіл аудару Қала мен ауыл үйлерінің айырмашылығы неде? Бой сергіту: Мен құрылысшы боламын, Зәулім үйлер саламын. Өз қаламды көркейтіп, Ел алғысын аламын. Ой дамыту Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін	ойыны «Бармақтар отбасы» (караоке – қазақша балалар әні) 5. Дидактикалық ойын: «Кім жоқ» Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу. 6. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау. 2.Музыка. Тақырыбы: «Күз сыйы» Ән айту: «Жаңбыр» Ойын: «Торғайлар» Қимыл-қозғалыс: «Жапырақтар»	ажыратады. (түсін, пішінін айтады) Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай ағаштар Біп – биік боп өседі. Қорытынды. “Күз белгісі неде? (Ойын) Күзде жапырақтар... (сарғаяды) Күзде күн ... (суып, жаңбыр жауады) Күзде құстар...(жылы жаққа ұшада) Күзде жеміс-жидек... (піседі) Күзде жазғы демалыс бітіп... (оқу басталады) Балаларды мадақтау 2.Денешынықтыру /жалаушамен, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бекіту Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Желбірейді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.4 р Б.қ.: «Әткеншек»	себетке жинаймыз Сылдырмақ үні -балаларды шеңберге жинау Қортынды Сұрақ жауап Балаларды мадақтау 2.Денешынықтыру Кіріспе бөлім Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбие-шінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру. Негізгі бөлім 1. Жалпы даму жаттығулары доппен. 4– бөлім. 1.Аяқты алашақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.4-5 рет. 2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру. 3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею.. 4.Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру. 2.Қимыл - қозғалыс жаттығулары. -Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру. 3.Қимылды ойын: «Түрлі – түсті машиналар» 4. Қортынды Сапқа тұру, әр түрлі	
--	---	--	--	--	--

	түсіндіру, көрсету Бір қабатты үй. 1. Бір қатарға екі терезе салу үшін жоғарыдан төмен қарай түзу сызық сызылып, шаршы жасалады. 2. Есігі тік төртбұрышқа ұқсайды. 3. Шатыры үшбұрыш болы келеді, парақтың жоғарғы жағына нүкте қойып, әртүрлі жаққа екі сызық жүргізіледі. Балалардың өз бетінше жұмысы Дид ойын: «Біздің көрме» Қортынды Біздің үй (Ғ.Өкеев) Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды, Қосып құмға лайды. Сылақшылар сылайды. Тезерек, есік, едені, Қиоласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз. Балалардың жұмысын мадақтау.		2. Аяқтары алишақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын ашық қою, отыру жалаушаны алға созу, тұру жоғары көтеру. Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу Б.қ.: «Көңілді жалауша» 5. Аяқтарын алишақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп, секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. Қимыл-қозғалыс жаттығулары. -Доға астынан еңбектеп өту Қимылды ойын: « Құстар жем жейді» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай	бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.	
--	---	--	---	---	--

			отырып, айнала жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.		
Серуенге дайындық	<i>Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып, киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу.</i>				
Серуен:	Серуен №1 Бақылау: Күзгі жаңбырды бақылау. <i>Картотека қосымша тігілген</i>	Серуен №2 Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау. <i>Картотека қосымша тігілген</i>	Серуен №3 Бақылау: Бұлтты бақылау. <i>Картотека қосымша тігілген</i>	Серуен №4 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. <i>Картотека қосымша тігілген</i>	Серуен №5 Бақылау: Тұманды бақылау. <i>Картотека қосымша тігілген</i>
Серуеннен оралу	<i>Ойын- жаттығу. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i>				
Түскі ас	Ойын- жаттығу : <i>Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз.</i> <i>Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.</i> Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы	<i>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.</i>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Жаттығу кешені №6 <i>Балалар тұрайық</i> <i>Көзімізді ашайық</i> <i>Қолымызды созып</i> <i>Шынығып бір алайық.</i>	Жаттығу кешені №7 <i>Балапандар тұрайық</i> <i>Көзімізді ашайық</i> <i>Жан-жаққа біз қарайық</i> <i>Бір күлімдеп алайық.</i>	Жаттығу кешені №8 <i>Ұйқыдан біз тұрамыз</i> <i>Көзімізді ашамыз</i> <i>Жан-жағымызға қарайық</i> <i>Төсектен біз тарайық</i>	Жаттығу кешені №9 <i>Ұйқыдан біз тұрайық</i> <i>Көзімізді ашайық</i> <i>Анда- мында созылып</i> <i>Тарқасайық, тұрайық</i>	Жаттығу кешені №10 <i>Көзімізді ашайық</i> <i>Аунап, қунап алайық ,</i> <i>Самал жел бізге желпісін,</i> <i>Ұйқымызды ашайық</i>
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	Ұшақтар Ойын шарты: <i>Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді.</i>	«Түрлі түсті моншақтарды тізу» Ойынның мақсаты: <i>Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету</i>	Күн мен жаңбыр. Ойын шарты: <i>Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.</i>	«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: <i>балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				

Серуен	<i>Серуен №6 Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №7 Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №8 Бақылау: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №9 Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №11 Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау» Картотека қосымша тігілген</i>
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу</i>	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.</i>	<i>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу. балабақшаға уақытында келуді айту.</i>

ЦИКЛОГРАММА
II апт. қыркүйек, 2021ж.
тобы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің көшем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын. «Кім жылдам?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың сөздік қорын байыту.	«Ажырат» Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді.	Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Қайда жасырылғанын тап Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу	«Не ұшпайды?» Мақсаты: ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу
Танертеңгі гимнастика	Қазан айының 2 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбері: Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын.				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1. Денешынықтыру Тақырыбы: Көңілді доп (әуенмен) Мақсаты: Допты домалату. Тәрбиешінің артынан жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алысқа ұстап допты домалатуды үйрету. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Амандасу. 2.Кіріспе Педагогтың артынан жүру,жүгіру. Шеңберге тұру. 3.Жалпы даму жаттығулары. Доппен 1).Б.қ.:тік тұру, допты екі қолымен ұстау. 1.Допты алға созу. 2.кеуде тұсына әкелу. 3.Б.қ.келу. (3-4рет) 2).Допты жоғары көтеру.Түсіру. 2.Б.қ. келу. (3-4рет) 3) допты екі қолмен кеудеге ұстау. Доппен бірге қос аяқпен секіру. 4)Тыныс алу жаттығуы. Мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару. Б.қ.келу 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Допты бір –біріне домалату. 5.Қимылды ойын: «Допты қуып жет» Мақсаты:ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. 6.Қортынды. Балаларды мадақтау	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға, мағынасын ашып түсіндіру. Өлең жолдарының бір шумағын жаттату Қолданылатын көрнекі құралдар: Бағдаршам суреті. АКТтехнологиясы. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! Мига шабул. Жұмбақ жасыру. Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түсті нұр шашады. (бағдаршам) Сұрақ жауап Ой қозғау. -Бағдаршам дегеніміз не? Ол қандай қызмет атқарады? Балалар бағдаршамның неше көзі бар ? -Түстері қандай ? Ой дамыту. АКТ технологиясы.Экраннан бағдаршам туралы бейнеролик көрсету,	1.Жаратылыстану Тақырыбы: Көшедегі күзгі ағаштар. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгіліндегі ағаштардың қасиеті туралы түсіндіру. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Қуаныш алаңы Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші балаша. Ой дамыту. Суретпен жұмыс -Суретте не көріп тұрсыңдар? -Ағаштардағы жапырақтардың түсі қандай Неліктен? Жапырақтар не істеп жатыр? Тосын сәт Қарлығаштан хат келу. Қорапта тапсырмалар жазылған. Әрбір жеміс ағашының астында тапсырмалар берілген. Балаларды топқа білу. 1-топ. ағаштың түбін қопсытып, су құю керек. Неге? 2-топ: ағаштың айналасындағы қоқыстарды жинап, түбін тазалап, су құйыңдар. Балалардың жауабы 3-топ: Жапырақтарды жинаңдар, күзгі жапырақтардың түсі қандай? 4-топ: Бөлмедегі гүлдерге су құйыңдар және топырақтарын қопсытып қойыңдар. Тәрбиеші неге қарлығаш бізге осындай тапсырмалар берген? Балалар жауабы: олар жақсы тыныстап, дем алады,	1. Құрастыру Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй. Мақсаты: Балалардың үйлер туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкен құрлыс жұмыстарын жасау қабілеттерін арттыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шаттық шеңбері. Е.Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен: "Қайырлы таң!"-деймін мен. Қызығушылытарын ояту. Жұмбақ жасыру. Төбесі үш бұрышты, Қабырғасы төртбұрышты Адамдардың паналайтын ұясы (Үй) 1. Ой дамыту. Үй туралы қысқаша түсінік беру. -Үй не үшін керек? -Онда қандай пішіндер қолданылған? -Қандай бөліктері бар? 2. Ғажайып сәт. Қонақа Буратиноның келуі. -Амандасу. -Балалардан көмек сұрау. 3. Пішіндермен құрастыру жұмысын жасаудың әдістерін түсіндіру. Сөздік жұмыс:Төбесі, есігі, қабырғасы, терезе, құлып. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз,	1.Мүсіндеу Тақырыбы: Анамның қолишатыры Мақсаты: Балаларға қолишатыр туралы түсінік беру. Қолишатыр не үшін қажет екенін түсіндіру. 1.Шаттық шеңбері Н. Жанаев. Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Таңғажайып сәт. Аудио дауыс. Жаңбырдың жауған даусы. Сұрақ-жауап -Жаңбыр жауғанда қалай қорғанамыз. -Қолишатырды қай жерде ұстаймыз II. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету. Ермексазды жұмсарту, алақанға салып созу әдістерін түсіндіру.  Дид ойын: «Дид ойын: «Біздің көрме» Қортынды Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар
--	---	---	---	---	--

	2.Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары» Мақсаты: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту. Саусақ икемділіктерін арттыру. ҰОҚ өтілу барысы I.Шаттық шеңбері. Ө.Дүйсенов. Жақсылыққа, бақытқа Талтынған әр уақытқа, Бала біткен дос бауыр, Болмасын еш тосқауыл II.Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру «Үйде бар бір жұлдыз, Ол бар да түн күндіз.(элек шамы) III. Ой дамыту. Шам туралы түсінік беру. Шам не үшін керек? Оны қай кезде пайдаланамыз? Май шам мен электр шамын салыстыру. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Қағаз бетіне трафаретті қоя отырып, бояуды дұрыс жағуды үйрету. Балалар жұмысын қадағалау, көмектесу. Біздің көрме Дидактикалық ойын:«Түстерін ата» Қортынды. «Сиқырлы тәжірибе»Шарты:Шыны ыдысқа әдемі моншақтар, тас салынады. Үстіне су құйылады.Ыдыстың ішіне май шамды жағамыз. Топ бөлмесіне әдемі жарық	түсіндіру. «Бағдаршам»өлеңін жаттау. Менің атым-бағдаршам Кеудем толы жанған шам Қызыл көзім жанғанда Сақ болыңдар тоқтаңдар! Сары көзім жанғанда Сабырлылық сақтаңдар! Жасыл шамды көрсеңіз Бола береді өтсеңіз! Бір адым әдісі арқылы тапмақты жаттау. Балаларды мадақтау Сергіту сәті Тік ұста бойыңды, Жоғары соз қолыңды. Соз қолыңды тағы да, Жеткіз жираф мойына. Қимылды ойын: «Бағдаршам» Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз Қорытынды. Біз бүгін сендермен не жайлы әңімелестік? қандай өлеңді жаттадық? Балаларды мадақтау	бұрынғыдан да жайқалып өсетін болады. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз, Өсіп - өніп толамыз. Көкке қарап талпынып, Күнге қолды созамыз. Қортынды: Сұрақ-жауап. 2.Денешынықтыру Тақырыбы:Менің досым (Бекіту) Мақсаты: Менің досым - жұптасып жүруді,текшелерден аттап өтуді үйрету. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Амандасу. 2.Кіріспе Педагогтың артынан жүру,жүгіру. Шеңберге тұру. 3.Жалпы даму жаттығулары. Доппен 1).Б.қ.:тік тұру,допты екі қолымен ұстау. 1.Допты алға созу. 2.кеуде тұсына әкелу. 3.Б.қ.келу.(3-4рет) 2).Допты жоғары көтеру.Түсіру. 2.Б.қ. келу. (3-4рет) 3) допты екі қолмен кеудеге ұстау. Доппен бірге қос аяқпен секіру. 4)Тыныс алу жаттығуы. Мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару. Б.қ.келу 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Допты бір –біріне домалату.	Өсіп - өніп толамыз. Көкке қарап талпынып, Күнге қолды созамыз. Дид ойын: «Қандай үй?» Буратиноны үйге кіргізу. Қортынды.Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2.Денешынықтыру Тақырыбы: Біз доспыз. (әуенмен) Мақсаты: Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке салуды үйрету. Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіруге дағдыландыру. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Сәлемдесу. 2. Кіріспе Шеңбермен жүру. Педагогтың артынан жүру,жүгіру.Шеңберге тұру.Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. 3.Жалпы даму жаттығулары.Жіппен. -Аяқтары алиақ қойылған, жіптің екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. Б.қ. келу. - Аяқтары алиақ қойылған, жіп төменде қолдарымен ұстау. Жіпті жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» созу қимылын жасау Б.қ. . - Аяқтары алиақ қойылған, жіпті кеуденің тұсында ұстап отырып, тұру.	жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады Балаларды мадақтау.
--	---	--	---	---	---

	<i>сыйлаймыз. Шапалақ әдісімен аяқтау.</i>	2.Музыка. Тақырыбы: «Күз жомарт» Ән айту: «Жаңбыр» Ойын: «Санына қарай соқ» Қимыл-қозғалыс: «Бала уату»	<i>Бекіту.</i> 5.Қимылды ойын: «Доптарды кім тез жинайды?» Мақсаты:ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. 6.Қортынды. Балаларды мадақтау	- Жіпті жерге қойып,қол белде секіру. Б.қ. келу. Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салу-3-3- 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру. 5.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Қортынды. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Серуен.№1 Күзгі жаңбырды бақылау. Картотека қосымша тігілген	Картотека №2 Аула маңындағы көліктерді бақылау. Картотека қосымша тігілген	Серуен.№3 Бұлтты бақылау. Картотека қосымша тігілген	Серуен №4 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Картотека қосымша тігілген	Серуен №5 Бақылау: Тұманды бақылау. Картотека қосымша тігілген
Серуеннен оралу	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Түскі ас	. Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№11. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды	№2.1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№ 31. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№41. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына	«Көжсекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету. Сенсорлық ойын жинағынан	Түрлі түсті жолақшалар. Мақсаты: Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.	Үлкен –кіші. Мақсаты: Балаларды үлкен – кіші ұғымымен таныстыру.	«Кілтті тап» Мақсаты: Балаларды түстерді,геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру,ойлау қабілетте-	«Балықты ұста» Мақсаты: балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету.

сәйкес жеке жұмыс				<i>рін арттыру.</i>	
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу</i>				
Серуен	<i>Серуен №10</i> <i>Бақылау: Күзгі желдің бағытын бақылау.</i> <i>Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №11</i> <i>Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»</i> <i>Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №15</i> <i>Бақылау: «Өзге топ балаларының іс-әрекеті »</i> <i>Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Картотека №16</i> <i>Бақылау: Жәндіктерді бақылау.</i> <i>Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Серуен №5</i> <i>Бақылау: Тұманды бақылау.</i> <i>Картотека қосымша тігілген</i>
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу</i>	<i>Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)</i>	<i>Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.</i>	<i>Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</i>

ЦИКЛОГРАММА
III апта. қазан 2021ж
тобы
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырыпша: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлиеп қабылдау.</i>				
	Құрылыс ойындары: «Балабақша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету	Үстел- үсті ойыны: «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру»	Фотосуреттер қарастыру Күз мезгілі	Ертегі оқып беру. «Түлкі мен тырна» ертегісі.	. Ойын: «Үй саламыз» (Дъенеш блогы)
Танертеңгі гимнастика	Қазан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу «Таза қолдар». <i>Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.</i> <i>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу</i>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбер Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін				

